

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 293 қаулысы 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабына және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті "Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – ұлттық парк) жалпы ауданы 49,7306 гектар жері селден қорғау бөгеттерін салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан босалқы жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесіне беруді;

2) табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін босалқы жерлерге ауыстыруға байланысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі ұлттық парктің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 16 мамырдағы
№ 293 қаулысына
қосымша

Селден қорғау бөгеттерін салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері санатынан босалқы жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

гектармен

Атауы	Жалпы	Оның ішінде:			
		орманды алқаптар	орманды	ормансыз жерлер	ормансыз

1	аудан ы	орман көмкерге н	оның ішінде	тұтаспаға н	орман көмкермег ен	алқаптард ың жиыны	жайылымд ар	су	басқа жерле р	алқаптард ың жиыны
			орман дақылда ры	орман дақылдар ы						
2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
"Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикал ық мемлекеттік мекемесінің жерлері	49,730 6	17,4824	17,4824	0,0099	0,3261	17,8184	18,5264	7,203 1	6,1827	31,9122
Барлығы:	49,730 6	17,4824	17,4824	0,0099	0,3261	17,8184	18,5264	7,203 1	6,1827	31,9122